


Есбол орта мектебінің ата-аналар кеңесінің жұмысы бойынша 2023 – 2024 оқу жылының жылдық есебі

Есбол орта мектебінде ата – аналар кеңесі жұмысының жетекшісі Ф.Тюрина бекітіліп, жылдық жұмыс жоспары жасақталаған болатын. Жоспарға сай ата – аналармен жүйелі жұмыс жүргізілді. Атап айтар болсақ, 7 қыркүйек күні 9-сынып жетекшісі М.Зинуллина "Отбасы-бақыт мекені" атты жаңа форматта ата-аналар жиналысын өткізді. Ата-аналарға жақсы көңіл-күй сыйлау мақсатында тренинг өткізілді. "Отбасы құндылықтары" тақырыбында постер қорғау берілді. "Жағдаяттық сұрақтар" берілді. Өз ойларын ашық айта алды. "Ашық микрофон" да әңгіме өрбіді.



12 қыркүйек күні А.Хасанованың ұйымдастырумен 7-сынып ата-аналарына жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында баяндама оқылды. Баяндама тақырыбы "Жасөспірімге бақытты болуға ҮШ нәрсе: Құшақтау. Мен-хабарлама. Сенім ұялайтын сұрақтар". Осы бағытта сынып жетекші дөңгелек үстел өткізіп, сұрақтар арқылы пікір алысты. Қаралған мәселелер: Оқу жылының басталуы, қауіпсіздік және оқуға құштар бағытындағы жұмыстар. Рахымғалиева Айгул өз баласының қызығушылықтары мен қабілеттеріне тоқталса, Саленова Айнагүл баласының техникаға бейімділігін айта кетті. «Біліммен қатар дағдыны дамытуға өз үлесімізді қосайық!» деген үндеумен жиналыс қорытындыланды.



11 сынып жетекшісі Козыкешов Ержан Танатарович ата-аналармен Отбасы күніне орай "Менің бақытты жанұям" атты тренинг сағатын өткізді. Шараның негізгі мақсаты отбасы құндылықтарын сақтауға және өмірде қолдануға баулу. Шара барысында "Бірлік", "Баламды көзімнен танимын" және "Ащы пияз" тренингтері өткізілді. 11 сынып оқушыларының ата-аналарына алдағы Ұлттық бірыңғай тестілеудің ерекшеліктері мен дайындық жұмыстары туралы ақпарат берілді. Мектеп директоры А.Олжағалиев пен педагог-психолог Э.Саликова ата-аналарға ЖОО-ы және мамандық таңдау туралы толық мәлімет берді.



15 қыркүйек күні Есбол орта мектебінде ата-аналар комитетінің жетекшісі Ф. Ж. Тюринаның ұйымдастыруымен мектепшілік 1-11 сыныптар аралығы ата-аналарымен «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі» тақырыбында жиналыс өтті. Күн тәртібі бойынша қаралған 1- мәселе: Ата-аналар комитетінің жетекшісі Ф. Тюрина тақырыптық баяндама жасады. Мектеп директоры А. Олжағалиев Жаңа оқу жылындағы жоспарлар, мәселелер жөнінде ағымдағы және алда жасалатын жұмыстармен, мектеп миссиясы, оқушы жетістіктерін көрсетіп, жоспармен таныстырды. Мектеп ережесінің сақталуы жөнінде тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е. Козыкешов ата-аналармен тренинг жасата отырып, осы тренингтен шыққан түйінді мектеп өмірі мен мектеп ережесіне байланыстып, ата-аналарға жеткізді. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы мектеп психологы Э. Саликова баяндама жасады. Мектеп психологі алдымен ата-аналармен "Көңілді оркестр" тренингін жүргізіп, жағымды ахуал орната отырып, барша ата-аналарды бала жанын түсінуге шақырып, кеңестер берді. Әлеуметтік мәселелер бағыты бойынша әлеуметтік педагог А. Төреғалиева баяндама жасап, ата-аналарға есеп берді. 2 мәселе: Қоғамдық ата-аналар кеңесінің төрайымын сайлау. Екінші мәселе бойынша қоғамдық ата-аналар кеңесінің төрайымы етіп бірауыздан Шинибаева Зергүл сайланды.



22 қыркүйек күні Есбол орта мектебінің кәсіби бағдар беруші М.Зинуллина және ата – ана комитеті төрайымы Ф.Тюрина 10,11 сынып оқушылары мен ата-аналарына жоспарға сай "Мамандық таңдаудың жолдары" атты презентация түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сауалнама алынып, ҰБТ-дағы өзгерістер мен мамандық пәндерінің өзгерісі және ЖОО дағы мамандықтар туралы брошюра таратылып, ондағы шекті балдары, гранттары туралы айтылды.



2-ші қазан күні кәсіби бағдар беруші М.Зинуллина және ата – ана комитеті жетекшісі Ф.Тюрина 10-сынып оқушылары мен ата-аналарына кәсіби бағдар беру кеңесін өткізді. Мақсаты: 10-сынып оқушыларына қазірден мамандық таңдатып, ҰБТ-ға дайындау.



23-қазан күні Есбол орта мектебінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жоспарына сай және ата – аналар комитеті жетекшісі Г.Батырғалиевамен бірлескен 5-8 сынып ата-аналарымен «Ақыл айтпа, жол көрсет» және «Жасөспірімдердің бейімделуі» тренинг сабағы өткізілді. Шара барысында ата – аналарға бейнеролик көрсетіліп, талқыланды. Ата – аналар тренингтерге белсенді қатысты және шара соңында ата-аналардан кері байланыс алынды.



“ӘЖЕДЕН ҰЛАҒАТ, АНАДАН МАХАББАТ” әже - аналар мектебі жұмысы аясында Әже өнегесі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы құндылық, тәрбиенің қайнар көзі және әже алдын көріп, тәлімін алғандардан қазақтың сүт бетіндегі қаймағындай болып, тарихта есімі қалған ұлылар қатары көп-ақ. Ал отбасындағы басты құндылық ұлттық тәрбие деуге болады. Сол ұлттық тәрбиенің дәнін себуші жандардың бірі – әжелер екені даусыз. Әжелер мектебінің жұмыс жоспарына сәйкес «Тақия -

қазақ қызының нақышы» шарасы өткізілді. Мақсаты: Қыз балаларға тақия туралы түсінік беру. Тақия тігуді үйрете отырып, олардың ой – қиялын дамытып, іскерлікке баулу. Ұлттық киімдерге байланысты салт-дәстүрлер мен ырымдарды сақтауға, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.



Ата – аналар комитеті жоспары мен «Даналық мектебі» жобасы аясында Ағалар мектебінің ұйымдастыруымен «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» тақырыбында аға мен іні арасында жарыс ұйымдастырылды. Мақсаты: ағалар тәрбиесі нәтижесінде інілердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру, құқықбұзушылықтың алдын алу; болашақ ұрпаққа еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңдіру; тарихымен салт-дәстүрі рухани мәдениетке тәрбиелей отырып, күнделікті өмірде қолдана біліуге тәрбиелеу.



24 Қаңтар күні Ата – аналар комитеті жоспарына сәйкес «Бәйтерек» әкелер жетекшісі Е. Жексенқұлов «Әке сөзі оқ-Әкеден мықты жоқ» атты спорттық сайыс өткізді. Мақсаты: Әке мен баланы қатыстыра отырып, бұл сайыста баланы өмірде белсенді болуға, алға қойған мақсатты орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту. Балаларды шапшаңдыққа, төзімділікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Сайысқа қатысқан командалар: Есбол командасы — Ибрашевтар отбасы, Алға командасы — Бертілеуовтер отбасы, Достық командасы — Козыкешовтер отбасы. Отбасылық спорттық ойын турлары: Мылтық ату. Арқан тартыс. Дартс ату. Ләңгі тебу. Асық ату. Ойын қорытынды бойынша: 1 – орынды «Достық» командасы, 2 – орынды «Алға» командасы, 3 – орынды «Есбол» командасы иеленіп ойынға қатысқан Әкелер марапатталды.



Ата – аналар комитеті жұмыс жоспары бойынша 7 – сынып жетекшісі А.Хасановмен бірлескен «Отбасылық таланттылар» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Шара «Ата-аналар мектеп жобасы» аясында жүргізілді. Құндылықтар ұлттық мүлде: Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту және талап: сыни креативті ойлау. Шара барысында "Мен үшін отбасым...." тренинг және Отбасы таланттары дегеніміз не? Өз әулетіңізде қандай талант өкілдері бар? сұрақтарға жауап беріледі. Қазақстанның таланттары туралы презентация бейне баян көрсетіледі. Менің бойында осындай қабілет пен талант бар. Қағаз қиындысындағы зәулім терекке отбасылық таланттарын жазып, өз ойларымен бөліседі. Шара соңында ата-аналар кеңестерін айтты.



7 қаңтар күні жоспар бойынша 9- сынып оқушыларына ата – аналар комитеті жетекшісі Г.Батырғалиева "PROFI- time" менің таңдауым... атты дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу. Оқушылармен еркін түрде сұрақтар аясында пікіралмасу орнады. Таңдау пәндерге байланысты бейнероликтер көрсетілді. Жаңабай Альбина таңдаған мамандығы туралы презентация көрсетті.



Ата – аналар комитеті жоспарына сай "Әр нәрсенің өлшемі бар" "Қажеттілік пен қалау арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады" тақырыбында жиын -сабақ өткізді. Жиын алдымен 11-сынып оқушысы Болат.Е "Ерке сылқым " күйін орындаумен басталды. Одан әрі мектеп психологы Э.Саликова психологиялық тренингпен жалғастырды. Жиын басында ата-аналарға бейнеролик көрсетіліп, өзара талқылау орын алды. Одан әрі "Қалау" және "қажеттілік" тақырыптарын ашып, постер қорғады. Ата-аналар жиын сабаққа белсенді түрде қатысып, өз ойларымен еркін бөлісті.



6 – сынып ата-аналарымен кезекті ата-аналар жиналысы өтті. Тақырыбы: «Ата – анамен бірлескен іс-әрекет оқушының үйлесімді дамуының кепілі»Мақсаты: Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты ұлғайту. Ата-аналардың өз отбасылық дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында. Жиналыс барысында оқу жылының басталуы, мектептің ішкі тәртіп ережесі, оқушы формасы және ағымдағы мәселер айтылды. "Үштік одақ" жобасы аясында ата-аналарға арналған тренингтермен жалғасын тапты. Нәтижесінде ата-аналар өз ризашылықтарын білдіріп кетті.



Ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ бойына сіңіре отырып, саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында анасы мен қыздары арасында “Алтын қақпа” интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды. Ойын 4 кезеңнен тұрды. I кезең - "Тас қақпа". Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру. II кезең- "Күміс қақпа". Диалект сөздердің мағынасын ашу. III кезең - "Алтын қақпа". Сал-дәстүрге байланысты қойылған сұрақтарға жауап беру. IV кезең - "Алтын сандық". Көнерген сөздердің мағынасын табу. Шараға 8 сынып оқушысы Мендигали Жанерке мен анасы Ермекова Тұрсын, 6 сынып оқушысы Жайғали Гүлнұр мен анасы Фазылова Ақжарқын және 5 сынып оқушысы Асанқызы Сайда мен анасы Бөрібаева Жаңыл қатысты. Ұлттық құндылыққа бағытталған шара барысы қызықты әрі тартысты өтті!



«Жасөспірімдермен қарым-қатынас ерекшеліктері» тақырыбында ата – аналармен жиын өткізілді. Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер: Құрмет, эмпатия, қабылдау. Әдістер: дискуссия, миға шабуыл. Шара көрісуден басталып, ата-аналарға Маслоу пирамидасын құрастыруға тапсырма берілді. Маслоу пирамидасын тұрғызып, талдау жасалды. Баланың жас ерекшеліктеріне байланысты бейне жазба көрсетілді, сұрақтармен дискуссияланып талданды. Буллинг туралы түрлі жағдаяттарды қоржынға салып, кейс технологиясы бойынша талқылау ұйымдастырылды. Слайдтан буллингтің түрлері таныстырылды. Топтық жұмыс: Дастархан басында және Бізде бала болғанбыз жұмыстар жүргізілді. Жаттығу: Достық бағдаршамы бойынша сұрақтарға жасыл, сары, қызыл белгілермен жауап берілді. Баламен

сенімді қарым-қатынасқа ұмтылайық, жағымсыз әдеттерін, жағымды қарым-қатынастарымызбен реттейік!



Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарығы 5-9 сынып ата-аналарына сабақ өткізілді.Шара сәлемдесу бастау алып, үш топқа тапсырма берілді. Жазғы кезеңде балалардың білімін арттыру.Балаларды сауықтыру. Бірлескен отбасылық демалыс. Ата-аналарға жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бейнеролик көрсетілді.

